

## Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының ғылыми еңбектерін басып шығару және тарату тәртібін жетілдіру туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі Ғылым академиясы 1998 жылғы 30 қараша N 233 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 14 қаңтарда N 666 тіркелді

*Ескеरту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 732 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес білім және ғылым мәселелері бойынша заңға тәуелді кесімдерге тексеріс өткізу барысында қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін актілер анықталды. Ведомстволық нормативтік базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

#### *1. Күші жойылды деп танылсын:*

1) N 666 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының ғылыми еңбектерін басып шығару және тарату тәртібін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасының Ғылым министрі-Ғылым академиясы Президентінің 1998 жылғы 30 қарашадағы N 233 бұйрығы...

*Министрдің  
міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы (бұдан әрі - Ғылыммині-Ғылым академиясы) алқасының 1998 жылғы 16 қазандағы N 31 қаулысына және Ғылыммині-Ғылым академиясы Ғылыми-баспалық кеңесінің 1998 жылғы 8 қыркүйектегі шешіміне сәйкес және Ғылыммині-Ғылым академиясының ғылыми еңбектерін басып шығару және тарату тәртібін жетілдіру мақсатында **бұйырамын:**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының қоса берілген ғылыми еңбектерін басып шығару тәртібі бекітілсін (әрі қарай - Тәртібі).

2. Ғылыммині-Ғылым академиясының құрылымдық бөлімшелері, баспалары мен Тәртіpte көрсетілген өзге ұйымдары Ғылыммині-Ғылым академиясы ғылыми еңбектерін осы Тәртіпке сәйкес басып шығару және таратуды қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау және ақпараттық инфрақұрылым департаментінің директоры В.И. Дробжевке жүктелсін.

*Министр-президент*

Қазақстан Республикасы  
Ғылым министрі - Ғылым  
академиясы президентінің  
1998 ж. 30 қараша  
N 233 бұйрығымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым  
академиясының ғылыми еңбектерін басып шығару  
Тәртібі

**I тарау. Жалпы ережелер**

### **1 бөлім. Осы тәртіппен реттелетін қатынастар**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының ғылыми еңбектерін басып шығарудың осы тәртібі (әрі қарай - Тәртібі) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы туралы ережелер (әрі қарай ҚР FM - FA) және ҚР FM - FA Ғылыми-баспалық кеңесі туралы ереже (әрі қарай - ФБК) негізінде Қазақстан заңдары шенберінде әзірленді.

2. Осы Тәртіп ғылыми-баспалық қызметті іске асыру барысында авторлар, ғылыми еңбектер авторлары ұжымдары, институттар (орталықтар) ғылым бөлімшелері, ФБК секциялары, Ғылыми-баспалық кеңес, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы, баспалар, ҚазМемFTAИ және басқа мұдделі мекемелер, ғылыми әдебиет оқырмандары арасында туындастын қатынастарды реттейді.

### **2 бөлім. Негізгі ұғымдар**

3. Мәтінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) оқырман адресі - белгілі бір оқырман аудиториясы (ортасы), егер ғылыми әдебиетті алсақ - оның аудиториясы ғалымдар, ғылыми қызметкерлер, ғылымды мамандық тұтқан адамдар, ғылыми-көпшілік әдебиет болса - оның оқырмандары ғылымның осы саласының маманы емес;

2) басылым - редакциялық-баспалық өндеуден өткен полиграфиялық жағынан дербес безендірілген, ГОСТ белгілеген шығу мәліметтері бар және кітаптың мазмұнындағы ақпаратты беруге арналған баспасөз туындысы;

3) ғылыми басылымның анықтама аппараты-аннотация (түсініктеме), шығу мәліметтері, алғысөз, кіріспе мақала, соңғы сөз, ескерту, түсіндірме, библиографиялық тізім, көрсеткіштер, қосымшалар, кітап рефераты, мазмұны т.б.

.

4) мазмұны және тараулар тізбесі - айдар көрсеткіші, яғни атаулар көрсеткіші :

мазмұны - басылымға кірген шығарманың (туынды) көрсеткіші (әңгіме, мақала, құжаттар және т.б.);

тараулар тізбесі - жеке басылым болып шыққан туындының атаулар көрсеткіші;

5) ғылыми еңбектер - кітаптар, кітапшалар, монографиялар, оқулықтар, жинақтар, препринттер, мақалалар және т.б.;

6) кітап-көлемі 48 беттен асатын периодикалық емес кітап басылымы;

7) кітапша - көлемі 4 беттен 48 бетке дейінгі периодикалық емес кітап басылымы;

8) монография - бір немесе бірнеше авторлардың бір проблеманы болмаса тақырыпты толық және жан-жақты зерттеуіне арналған кітап не кітапша түріндегі ғылыми басылым. Монография жеке эмпиризмдік фактілерді сипаттап және оларды зерделеуден ғылыми теорияларды жүйелі түрде баяндауға, тұжырымдамаларды негіздеуге, ғылыми ізденістердің стратегиясын жасауға мүмкіндік береді;

9) оқулық - оқу бағдарламасына лайықталған пәнді немесе оның тарауын, бөлімін жүйелеп баяндайтын және осындай басылым ретінде ресми бекітілген оқулық басылым;

10) қолжазба - қолдан жазылған яки жазу машинкасына (компьютерге) басылған автордың мәтіндік түпнұсқасы не көшірмесі;

11) рецензия - қолжазбаның мазмұнына, композициясына, тілі мен стиліне талдау, шығармаға әдістемелік бағасы, жалпы қорытындысы бар сын-пікір;

12) аннотация - баспа туындысының мазмұнына, міндеті, нысаны және басқа ерекшеліктеріне тоқталатын қысқаша сипаттама. Ол түсінікті, қызықты, әдеби тілмен жазылуы, туындының негізгі ой-мақсатын, кімдерге арналып жазылғанын анықтай білуі тиіс. Аннотацияның орташа көлемі 600 баспа таңбасы;

13) реферат - негізгі нақты мәліметтері мен қорытындылары бар бастапқы құжаттың қысқаша мазмұнын баяндау. Реферат мәтіні мынадай жоспар бойынша түзеледі: тақырып, пән (объект), жұмыстың сипаты мен мақсаты, пайдаланылған әдіс, нақты нәтижелері, қолдану саласы. Рефератты негізінде жаратылыстану мен техникалық ғылымдар бойынша басылымдарда жариялайды. Рефераттың баспа таңбасымен орташа көлемі: мақалалар, патенттер - 1000, көлемі үлкен құжаттар үшін - 2500 таңба;

14) авторлық табақ (авт.т.) - авторлар, аудармашылар, редакторлар және т.б. еңбегін есептеу үшін алынған туындының көлемін өлшеу бірлігі. Бір авторлық табақ 40000 (әріптерді, сандарды, тыныс белгілері мен сөз арасындағы ашық жерлерді қосқанда) баспа таңбадан тұрады, яғни екі интервал (бір бетте 30 жол

әрбір жолда 60 баспа таңбадан) аралықпен машинкаға басылған мәтін 22-23 бетке тең болады, не 700 жол елеңмен жазылған мәтін, яки 3000 кв.см иллюстрациялық материал.

## **2 тарау. Ғылыми еңбектерді басып шығару тәртібі**

### **3 бөлім. Түпнұсқаны дайындау**

4. Түпнұсқаның бағдарламасы не жоспары - автор түпнұсқада баяндағысы келетін мәселелердің толық тізбесі.

Бағдарламаның жүйелі түсіндірмесі бөлімдер, тараулар, параграфтарға бөлінеді. Ол туындының мазмұны мен құрылым принципін ашып айтып береді. Бағдарламаға болашақ кітаптың атауы, көлемі, мақсаты, аннотациясы, оқырмандық адресі, анықтама аппаратының сипаттамасы мен көлемін, иллюстрацияларының саны мен сипаты кіреді. Түпнұсқаның аты қысқа және оның негізгі идеясын айқын білдіруі тиіс.

5. Түпнұсқа тақырыптың қазіргі деңгейін көрсетуі, ғылыми-техникалық мәселелерді білікті баяндауы, жақсы әдеби тілмен анық құрылымдық баяндауды менгеруі, әдемі орындалған өзіндік суреттер, сыйбалар, фотосуреттер түріндегі безендірулері (иллюстрация) болуы тиіс.

6. Теруге даярланған түпнұсқа, әдетте, мынадай элементтерден тұруы қажет: мұқабаның оң жағындағы (беті), кітаптың бірінші беті, аннотациясы (қазак, орыс, ағылшын тілдерінде), алғы сөзі, кіріспесі, негізгі авторлық текст, қосымшалары, иллюстрациялар, библиография, ескертулер мен түсініктемелер (комментарийлер), көрсеткіштер, мазмұны.

7. Түпнұсқаны рецензиялағанда мына схемаларды басшылыққа алған жөн:

- 1) тақырыптың толықтылығын негіздеу;
- 2) ғылыми мазмұнын бағалау;
- 3) тілі мен стилін, құрылымын (архитектоникасын) бағалау;
- 4) иллюстрациялық материалына баға беру;
- 5) түпнұсқаның көлеміне баға беру (қысқарту не толықтыру);
- 6) жалпы қорытынды (түзетуден кейін басып шығару, жалпы жарияламау).

Рецензияда бірінші кезекте автордың мына принциптік сипаттағы мәселелерді қалай шешкенін көрсетуі талап етіледі: ғылыми мазмұны-мағынасы, материалды толық баяндауы, ғылыми жаңалығы, тақырыптың толықтылығы, көкейтестілігі, қарауға ұсынылған түпнұсқаның іргелі және қолданбалы маңызы.

### **4 бөлім. Ғылыми еңбектерді басып шығару квотасы**

8. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми еңбектерін орталықтандырылған қаржы есебінен басып шығару үшін әрбір ғылыми бөлімшеге жыл сайын квота белгіленеді.

9. Квота ғылыми бөлімшелер ішінде орындалатын ғылыми бағдарламалардың көлеміне, басым іргелі және қолданбалы зерттеулердің дамуы үшін маңыздылық дәрежесіне қарай институттар арасында бөлінеді.

### **5 бөлім. Ғылыми еңбектерді басып шығарудың қаржы көздері**

10. Ғылыми еңбектерді басып шығаруды қаржыландыру ғылыми бөлімшелерге іргелі зерттеулері бағдарламаларына квоталарға сәйкес белгіленген қаражат есебінен бір орталықтан жүзеге асырылады.

11. Қаржыландырудың басқа да көздері пайдаланылады:

1) бюджеттен тыс қаржылар;

2) Ғылым қорының қаражаттары;

3) Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі тапсырылған тақырыптама не бағыт бойынша басылымдарға бөлген қаражат;

4) шетелдік және отандық компаниялардың, фирмалар, банктер, жеке тұлғалардың және т.б. демеушілік қолдауы;

5) халықаралық гранттар;

6) автордың қараждаты.

12. Орталықтандырылған бюджеттен қаржыландыру есебінен автор жылына бір ғана кітап шығаруы мүмкін (жеке немесе ұжым болып). Басқа тең жағдайларда Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының ұйымдарында қызмет ететін авторларға артықшылық беріледі.

### **6 бөлім. Басылымға түпнұсқа таңдау**

13. Түпнұсқа мынадай таңдау кезеңдерінен өтуі тиіс:

1) автор (болмаса авторлар ұжымы) институт ғылыми кеңесінің қарауына (ғылыми орталықтың ғылыми-техникалық кеңесіне) өзінің түпнұсқасымен қоса осы тақырыптама бойынша зерттеулер жағдайы туралы қысқаша аналитикалық шолу тапсырады, болашақ кітапты жоғары оқу орындарындағы оқу процесін жетілдіру үшін пайдалану мүмкіншілігін атап көрсетеді, басылымды тарату және потенциялды оқырмандар тобы туралы мәліметтер келтіреді;

2) институт (орталық) басшылығы түпнұсқаны осы мамандық бойынша екі ғылым докторына ішкі және сыртқы рецензияға жібереді. Рецензияларды алған соң түпнұсқа ғылыми кеңестің мәжілісінде - талқыланады. Ғылыми кеңес оң қорытынды берген жағдайда осы саланың жетекші ғалымдары қатарынан жауапты редактор тағайындалады;

3) Редакцияланған түпнұсқа рецензенттердің сын-пікірлерімен және республиканың жақын және ұзақ мерзімді перспективалық дамуының негізгі бағыттарына сәйкестігі көрсетілген, жұмыстың іргелі ғылымдар дамуы үшін толықтылығы, маңызы, автор зерттеп жүрген проблемалардың әртүрлі деңгейдегі конференциялардағы (соңғы 5 жылда) басымдылығы мен талқылану дәрежесі айтылған ғылыми кеңестің қорытындысымен тиісті ғылыми бөлімшеге

ж і б е р і л е д і ;

4) ғылыми бөлімше ғылыми - баспа секциясымен бірлесе отырып ғылымның әртүрлі салалары бойынша жоғары білікті рецензенттер тізімін жасап, бекітеді (құрамын ротациялау принципін сақтай отырып) олармен еңбек келісімін жасайды, ол үшін түпнұсқаларды жабық ақылы рецензиялаудан өткізеді және авторды рецензиямен таныстырады, автордан ескертулерге жазбаша түрде жауап х а т а л а д ы ;

5) тиісті ФБК секция мен бөлімше бюросының бірлескен шешімі бойынша түпнұсқа бөлімше басылымдарының жоспарына енгізіледі немесе қайтарылып беріледі (оның дәлелді себептері келтіріледі);

6) ғылыми бөлімше жыл сайын мамыр - маусым айларында өзінің орталықтан қаржыландыру жөніндегі квотасын ескере отырып келесі жыл басылымдарының редакциялық дайындығын жасайды (қаржыландыру мерзімі мен көздерін көрсете отырып), оған еңбектердің аннотациясын (рефераттарын) тіркең, ғылыми-баспа жұмыстары секторына жібереді;

7) ғылыми-баспа секторы Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы ғылыми мекемелерінің бір орталықтан қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеті басылымдарының жылдық жоспарының жобасын қалыптастырады да материалдарын Ғылыми-баспа кеңесіне тапсырады;

3) ФБК Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы ғылыми басылымдардың жылдық жоспарын, сондай-ақ орталықтандырылған қаржы есебінен шығарылатын ғылыми еңбектер тізбесін қарайды және бекітеді.

14. Фылыми-баспа жұмыстары секторы осы жылғы маусым айында басын түзу үшін Мемлекеттік фылыми-техникалық бағдарламалар және оларды ресурстық қамсыздандыру департаментіне ФБК бекіткен орталықтандырылған қаржы бюджеті есебінен шығарылатын фылыми еңбектер тізбесімен шығыс сметасының жобасын тапсырады.

15. Орталықтандырылған қаржы бюджеті есебінен шығарылатын ғылыми еңбектер тізбесін ҚР FM-FA алқасы бекітеді де анықталған смета жобасымен бірге (әрбір монография бойынша калькуляцияны қоса алғанда) 1 желтоқсанда тапсырылады.

## 7 бөлім. Ғылыми еңбектерді шыгару

16. ҚР FM-ФЛ ғылыми еңбектерін орталықтандырылған қаржы есебінен шығаруды Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы жариялаған ғылыми әдебиет шығару жөніндегі ашық конкурста (тендер) жеңіп шыққан баспа жүзеге асырады.

17. ҚР FM-FA қаржы көздері мен түпнұсқалардың дайындық мерзімі көрсетіліп бекітілген ғылыми басылымдар шығару жылдың жоспары

тақырыптық және редакциялық жоспарларға кіргізу үшін баспаға жіберіледі.

18. ҚР FM-FA қаржы көздері мен дайындық мерзімі көрсетіліп жылдық ғылыми басылымдар шығару жоспарына енгізілген тұпнұсқалар баспаның көрсеткен мерзімі мен талаптарына сәйкес баспаға ұсынылады:

1) түпнұсқа мен иллюстрациялық материал баспаға әбден біткен және жинақталған түрінде (библиографиясы, көрсеткіштері, тараулар тізбесі немесе мазмұнымен қоса) тақырыптық жоспарда көзделген көлемде тапсырылуы тиіс;

2) физика-математика ғылымдары, геология, тау-кен істері, металургия, энергетика, химия, география, экономика жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) медицина және басқа ғылымдар бойынша еңбектер үшін сараптау комиссиясының актісі. Актте суреттер міндетті түрде ескеrtілуі тиіс. Егер карталар не схемалар болса, онда олардың қандай географиялық негізде орындалғанын (тек қана 1:2500000 масштабты карталарды пайдалану мүмкін) көрсету қажет. Егер түпнұсқа сараптаманы қажет етпейтін болса, оны институт директорының хатында, болмаса ғылыми кеңестің шешімінен көшірмесінде көрсету керек ("Ашық жариялауға бекітілген, сараптау актісі талап етілмейді");

3) автордың жұмысында құпия яки жариялауға болмайтын материалдар не аяқталмаған болмаса жариялауға тыйым салынған зерттеу және эксперименталдық жұмыстардың мәліметтері келтірілмегендігі туралы анықтама

Анықтаманы мекеменің басшысы бекітуі тиіс;

4) тиісті министрлік қорытындысының көшірмесі (егер талап етілсе);

5) кітаптың шығуына мүдделі үйымдар мен тұлғалар тізімі, олардың саны көрсетілген тарапымға сәйкес келуі тиіс;

6) түпнұсқаның тапсырысты басылымына - ғылыми мекеменің директоры мен бас бухгалтерінің кітапті шығаруға байланысты барлық шығынды төлейтіні

7) түпнұсқаның бірінші бетінде жауапты редактордың:

"баспаға дайын" деген таңбасы мен қолы болуы тиіс. Жинақтар үшін жауапты редактордың қолымен қатар редакциялық алқаның барлық мүшелерінің қолы болуы шарт.

Сонымен бірге бірінші бетте автор (ал жинақтар үшін жауапты редактор) аударма мәтіндері, дәйексөздер, латын (не шетел тіліндегі мәтін), аты-жөні, тегі, сандық материалдар тексерілді деген белгі қоюы тиіс.

Жинақтарда мақала авторлары қол қоюы қажет немесе олардың түпнұсқамен сәйкестігін редакциялық алқаның жауапты хатшысы растауы тиіс;

8) кітаптың мұқабасында жоғарыдан төмен, ретімен:

а) кітаптың басында: "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы";

б) автордың аты-жөні, тегі (монографиялар мен кітапшалар үшін);

в ) к і т а п т ы н а т ы ;

г) том, бөлім, шығарылым не кітаптың рет нөмірі (басылым жалғастырылатын немесе сериялы болса);

д) басылымның шығу орны (Алматы) мен шығатын жылы;

9) түпнұсқаның бірінші бетінде:

а) "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы және институт атауы" (еңбектер жинағына институт атауы орнына: "... институтының еңбектері, Том ...");

б) автордың аты-жөні, тегі (монографиялар мен кітапшалар үшін);

в) кітап аты (кейде оның мазмұнын айқындайтын тақырыпша);

г) том, бөлім, шығарылым не кітаптың рет нөмірі (басылым жалғастырылатын не сериялы болса);

д) баспаның атауы;

е) басылымның шығу орны (Алматы) мен шығатын жылы;

10) бірінші беттің екінші жағында аннотация (реферат) беріледі, кітаптың жауапты редакторы, редакциялық алқасы, құрастырушылары көрсетіледі;

11) бөлімдердің, бөліктердің, тараулар, параграфтар атаулары "Тараулар тізбесінде" ретімен әрі қысқартылмаған түрде беріледі.

Шығарманың не оның бөліктерінің атаулары олардың орындарынан белгілі болады: маңызы жағынан теңбе-тең атаулар азат жолда бір қатармен жазылады;

12) бірнеше дербес (жеке-жеке) мақалалардан тұратын кітаптың "Мазмұнында" (институттардың жинақтары, ғылыми еңбектері) авторлардың тегі (фамилиялары) мен мақалалардың атаулары) рет-ретімен бірінен кейін бірі келтіріледі. Аты-жөні фамилияның алдында жазылады. Мақалаларды нөмірлеуге және олардың парактарының нөмірлерін түпнұсқада жазуға болмайды;

13) "Тараулар тізбесі" не "Мазмұны" кітаптың сонында келтіріледі.

**8 бөлім. Жарияланған басылымдарды құлақтандыру және рефераттау**

19. Ғылыми еңбектері ҚР Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының жоспарына енген авторлар түпнұсқаға аннотацияларын не рефераттарын (жаратылыстану және техникалық ғылымдар үшін) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылған және дискеттер түрінде (мәтіндер текст форматында сақталған болуы тиіс, бірақ \*DOC. форматында емес) материалды ГБК қарауына уақытылы дайындал тапсыру үшін ғылыми-баспа жұмыстары секторына ұсынады.

20. ҚР FM-FA ғылыми-баспа кеңесі мақұлдаған жарияланбақ басылымдар туралы немесе рефераттар (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) мына ұйымдарға жіберіледі:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар бойынша

рефераттар жинағында жариялау үшін (5 сериялы, басылу мерзімі - жылдана екі рет) және (немесе) рефераттық журналдарда шығару мақсатында ҚазМемФТАИ;

2) ҚР FM-FL ғылыми журналдар редакциялары: "ҚР FM-FA хабаршысы", "FM-FA баяндамалары", "ҚР FM-FA хабарлары мына сериялар бойынша: физика-математика ғылымдары, биологиялық және медицина ғылымдары, химия-технологиялық ғылымдар, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, филология ғылымдары", "Қазақстан геологиясы" "Минералдық шикізатты кешенді пайдалану" (тиістілігіне қарай) журналдар мұқабаларының 3 және 4 жақтарына басу үшін;

3) проспектілерге енгізу мақсатымен баспаларға;

4) республиканың жетекші кітапханаларына, университеттерге, ғылыми орталықтарға оқырмандармен мамандардың мұдделілігін анықтау мақсатымен;

5) жариялануға дайындалып жатқан және басылып шыққан еңбектер туралы ағылшын тіліндегі ақпарат-мәліметтер Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы интернетіне орналастырылады (жалпы көлемі 0,5 - 1 авт.т.).

### **3 тарау. Баспадан шыққан еңбектерді тарату**

#### **9 бөлім. Ғылыми еңбектерді тарату, сату бағасын қалыптастыру және сатудан түскен қаржыны бағыттау**

21. Басылған ғылыми еңбектерді тарату:

1) баспалар тегін тарататын ұйымдар:

Ақпарат және баспасөз министрінің 1992 ж. 26 қарашадағы N 1717 бұйрығына сәйкес міндетті сүйінші даналар: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі - 2, Кітап палатасы - 1, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі - 2, Кітап музейі - 1, Ұлттық кітапхана - 1, ҚР FM-FA Орталық ғылыми кітапханасы (ОФК) - 1, Әл-Фараби атындағы ҚазМҮУ кітапханасы - 1, Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы - 1, баспа - 6;

авторға не авторлар ұжымына - 5 дана;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері мен алғыс шетелдер бойынша кітапхана қоры мен кітапханааралық алмасуды түзу үшін (орталықтандырылған қаржы есебінен басылған жағдайда): ОФК - 30 дана, кітапханалар қорына (шыққан басылымның бейініне қарай): Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана-5 дана, Республикалық ауыл шаруашылық кітапхана-5 дана, ҚР FM-FA ғылыми-зерттеу институттарының (ұлттық орталықтар) кітапханалары және Республиканың жетекші жоғары оқу орындары кітапханалары-1 данадан;

2) басылымды шығаруға жауапты институт (орталық) таралымды әрі қарай жалғастырып, редакциялық алқамен бірлесіп сату бағасын түзеді:

тарату мәселесін оқырман өресіне сәйкес жүргізген абзат: текстес мекемелер, бағдарламалық қеңестер, мамандар ғылыми қоғамы, өте мұдделі ұйымдар, жеке

және заңды тұлғалар т.б. болуы мүмкін;  
басылымның бағасын белгілеуде өзіндік құны мен сұраным нарығына сүйену  
қа ж е т .

22. Бір орталықтан қаржыландыру жағдайында басылымды сатудан түскен қаражат редакциялық шығынды төлеуге (аннотацияны не рефератты қазақ, ағылшын тілдеріне аудару, рецензиялау) және ғылыми басылымды әзірлеуге, шығару мен таратуға байланысты шығысты ішінара өтеуге кетеді.

23. Басылымды тарату туралы есеп ҚРФМ-ғылыми-баспа секторына осы жылғы желтоқсан айының 10-нда тапсырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК